

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 21 қазандағы N 1461 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 20 мамырдағы N 1576 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңының 20-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы" 2004 жылғы 21 қазандағы N 1461 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 41, 527-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамына Мыңбаев Сауат Мұхаметбайұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі, төрағаның орынбасары енгізілсін;

мына жолдар:

"Имантаев
Ермек Жетпісбайұлы - Қазақстан Республикасы Президенті
Әкімшілігінің Ұйымдастыру-бақылау
жұмысы және кадр саясаты басқармасы
Мемлекеттік инспекциясының
мемлекеттік инспекторы"

"Орынбаев
Ербол Тұрмаханұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің
Әкімшілігі Басшысының орынбасары -
Экономикалық саясат басқармасының
бастығы"

"Храпунов
Виктор Вячеславович - Алматы қаласының әкімі"

мынадай редакцияда жазылсын:

"Имантаев - Қазақстан Республикасы Президенті
Ермек Жетпісбайұлы Әкімшілігінің Мемлекеттік бақылау
және ұйымдастыру жұмысы бөлімінің
мемлекеттік инспекторы"

"Орынбаев - Қазақстан Республикасы Президенті
Ербол Тұрмаханұлы Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық
талдау бөлімінің меңгерушісі"

"Храпунов - Шығыс Қазақстан облысының әкімі";

Виктор Вячеславович

көрсетілген Комиссияның құрамынан Ә.Р.Жақсыбеков шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті